

1. Морфологияның басты ұғымдары
 - A) мәтін, екпін, интонация
 - B) сөз тіркесі, сөйлем мүшелері
 - C) дыбыс, фонемалар
 - D) сөз, сөз формасы
 - E) жай сөйлем, құрмалас сөйлем
2. Үстеулердің мағыналық топтары:
 - A) септеулік, демеулік
 - B) адамзат, ғаламзат
 - C) жинақтық, бөлшектік
 - D) мөлшер, сын-қимыл
 - E) сапалық, қатыстық
3. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөз формалары:
 - A) бала, ата-ана
 - B) кел, келші
 - C) жолсерік, ұшақ
 - D) күздігүні, дала
 - E) жалғау, әліпби
4. Амалдың басқа күйге көшкенін білдіретін аналитикалық етістік
 - A) айта жүр
 - B) секіріп түс
 - C) ұйықтап қалды
 - D) сұрай бер
 - E) қарай көр
5. Мағыналары дерексізденген, грамматикалық қызметтері абстракцияланған, өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары бар сөздер
 - A) модаль сөздер
 - B) көмекші сөздер
 - C) атауыш сөздер
 - D) есімді сөздер
 - E) етістікті сөздер
6. Грамматикалық категориясы бар сөз табы
 - A) шылау
 - B) зат есім
 - C) одағай
 - D) сан есім
 - E) үстеу
7. Одағай сөз қатысқан сөйлем:
 - A) Қысқасы, бәрің қалмай барыңдар.
 - B) Отағасы, қай жаққа барасыз?
 - C) Балам, қандай ойыңыз бар?
 - D) Мен не қылдым, япырмау?
 - E) Өзі тіпті көшелі кісі боп қапты.

8. Күрделі салт етістіктер
- A) айтқыз, көріс
 - B) бер, жүгір
 - C) жуын, таран
 - D) күлімде, кішірей
 - E) үміт ет, құштар бол
9. Есім мен етістікті сөздерден ауысып, адъективтенген сөздер қатары:
- A) жақсысы, жаманы
 - B) сабырлы, сабырсыз
 - C) бірер, бірсыпыра
 - D) ұялшақ, кең пейілді
 - E) ұшқалақ, сүзеген
10. Тұрақты сөз тіркесі құрамындағы сан есімдер
- A) екі рет, екі жыл
 - B) бір оқушы, екі жігіт
 - C) бір жасап қалу, бір шөкім
 - D) екі-үш бие, төрт-бес адам.
 - E) жиырма үш сағат, сексен жас